

ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛЕР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

¹С.Д. Тұрсынбаева, ¹Ж.А. Әмірқұлова, ²З.У. Бисембаева, ³А.Б.Қауанова

АНДАТПА

Бұл ғылыми мақалада қазақ отбасындағы дәстүрлер мен құндылық қатынастарының тұжырымдамалық негіздері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық бірегейлікті сақтау, мәдени мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелерімен тығыз байланысты. Қазақ отбасы – тек әлеуметтік институт ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениеттің, дүниетанымның, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің негізгі тасымалдаушысы болып табылады. Сондықтан отбасы ішіндегі құндылық қатынастары мен дәстүрлерді ғылыми тұрғыдан зерделеу – қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымдар үшін маңызды бағыттардың бірі. Зерттеудің мақсаты – отбасылық құндылықтарды қалыптастыруға және дамытуға ықпал ететін критерийлерді анықтау. Мақалада отбасылық құндылықтарды дамыту және қорғауға теріс әсер етуі мүмкін факторлар да қарастырылған. Қазақ қоғамындағы отбасының әлеуметтік және мәдени рөлі талданып, дәстүрлі нормалар мен қазіргі трансформация үдерістері ғылыми тұрғыда сипатталады. Зерттеу барысында қазақ отбасындағы дәстүрлердің бірнеше негізгі түрлері қарастырылады. Бұл дәстүрлер арқылы ұрпаққа ұлттық құндылықтар, адамгершілік нормалар, үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көрсету сияқты қасиеттер сіңіріледі. Сонымен қатар мақалада қазақ отбасындағы негізгі құндылықтар жүйесі қарастырылады. Бұл құндылықтар отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынастарын реттеп қана қоймай, қоғамдағы әлеуметтік үйлесімділікті қамтамасыз ететін маңызды фактор ретінде қызмет етеді. Қорытындылай келе, қазақ отбасы – ұлттық құндылықтарды сақтаудың және дамытудың негізгі ортасы. Оның дәстүрлері мен құндылық қатынастары тарихи сабақтастықты қамтамасыз етіп, қоғамның рухани негізін қалыптастырады. Сондықтан оларды сақтау, зерттеу және қазіргі заман талаптарына бейімдеу – маңызды ғылыми және әлеуметтік міндеттердің бірі.

Түйін сөздер: қазақ отбасы, құндылықтар жүйесі, дәстүр, ұлттық бірегейлік, мәдени жалғастық, қоғамдық гармония.

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

² С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университеті, Алматы, Қазақстан

³Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

Автор-корреспондент:

С.Д.Тұрсынбаева,
saltanka80@mail.ru

Сілтеме:

Тұрсынбаева С.Д.,
Әмірқұлова Ж.А., Бисембаева З.У.,
Қауанова А.Б. Қазақ отбасындағы
дәстүрлер мен құндылық
қатынастарының
тұжырымдамалық негіздері //
Адам әлемі. – 2026. – Т. 28.
– №2 (108). – Б. 78-85.
– DOI: 10.48010/67t7wd73

Ашық қолжетімділік

© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала
Creative Commons Attribution 4.0
International License (CC BY 4.0)
лицензиясының талаптарына
сәйкес таратылады.
<https://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/4.0/>

Редакцияға түсті: 27/01/2026
Қабылданды: 17/05/2026
Онлайн жарияланды: 30/06/2026

Концептуальные основы традиций и ценностных отношений в казахской семье

Аннотация. В данной научной статье рассматриваются концептуальные основы традиций и ценностных отношений в казахской семье. Актуальность исследования тесно связана с вопросами сохранения национальной идентичности, передачи культурного наследия из поколения в поколение и обеспечения социальной стабильности в обществе в современную эпоху глобализации. Казахская семья является не только социальным институтом, но и главным носителем национальной культуры, мировоззрения, обычаев и традиций. Поэтому научное изучение ценностных отношений и традиций внутри семьи является одним из важных направлений современной гуманитарной науки.

Цель исследования – выявление критериев, способствующих формированию и развитию семейных ценностей. В статье также рассматриваются факторы, которые могут негативно влиять на развитие и защиту семейных ценностей. Анализируется социально-культурная роль семьи в казахском обществе, научно описываются традиционные нормы и современные процессы трансформации. В ходе исследования рассматриваются несколько основных типов традиций в казахской семье. Через эти традиции в поколения прививаются такие качества, как национальные ценности, моральные нормы, почтение к старшим и уважение к младшим. В статье также рассматривается система основных ценностей в казахской семье. Эти ценности не только регулируют взаимоотношения членов семьи, но и служат важным фактором обеспечения социальной гармонии в обществе.

В заключение следует отметить, что казахская семья является основной средой для сохранения и развития национальных ценностей. Ее традиции и ценностные отношения обеспечивают историческую преемственность и формируют духовную основу общества. Поэтому их сохранение, изучение и адаптация к современным требованиям являются одной из важнейших научно-социальных задач.

Ключевые слова: казахская семья, система ценности, традиция, национальная идентичность, культурная преемственность, социальная гармония.

Conceptual Foundations of Traditions and Value Relations in the Kazakh Family

Abstract. This scientific article examines the conceptual foundations of traditions and value relations in the Kazakh family. The relevance of the study is closely related to the issues of preserving national identity, transmitting cultural heritage from generation to generation, and ensuring social stability in society in the modern era of globalization. The Kazakh family is not only a social institution, but also the main carrier of national culture, worldview, customs and traditions. Therefore, the scientific study of value relations and traditions within the family is one of the important directions for modern humanities.

The purpose of the study is to identify criteria that contribute to the formation and development of family values. The article also considers factors that may negatively affect the development and protection of family values. The social and cultural role of the family in Kazakh society is analyzed, and traditional norms and current transformation processes are scientifically described. In the course of the study, several main types of traditions in the Kazakh family are considered. Through these traditions, such qualities as national values, moral norms, respect for elders, and respect for younger ones are instilled in generations. The article also examines the system of basic values in the Kazakh family. These values not only regulate the mutual relations of family members, but also serve as an important factor ensuring social harmony in society. In conclusion, the Kazakh family is the main environment for the preservation and development of national values. Its traditions and value relations ensure historical continuity and form the spiritual foundation of society. Therefore, their preservation, study, and adaptation to modern requirements are one of the important scientific and social tasks.

Keywords: Kazakh Family, Value System, Traditions, National Identity, Cultural Continuity, Social Harmony.

Кіріспе

Құндылықтар адамзат тарихында түрлі тарихи кезеңдерге қатысты өзгеріп отырған нормалар жиынтығы ретінде танылады. Қоғам дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі тұрақтылық болса, тұрақтылықтың өлшемі де отбасы тұрақтылығымен тікелей байланысты. Қоғамдық құндылықтардың маңызды құрамдас бөлшегі ретінде отбасы құндылығының сақталуы, қорғалуы және дамуымен қатар жүретін тұтас бір жүйенің құрамдас бөлшегі.

Жаһандану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау, дамыту және қорғау маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстан да ұлттық құндылықтарды, оның ішінде отбасылық құндылықтарды қорғауды маңызды міндет ретінде алға қойған. Қазақ халқының философиясы әдептілікке және рухани ұмтылысқа негізделген ата-ананы қадірлеу, үлкендерге құрмет, кішілерге мейірімділік секілді жоғары қасиеттер түрлі тарихи сыни кезеңдерден өтсе де маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Ұлттық құндылықтың маңызды элементі ретінде «Отбасы» танылады. Отбасы құндылығы – қазақ халқының салт-дәстүрлері, қара шаңырақ, әулет абыройы, тектілік, ұрпақ

үшін жауапкершілік, отбасындағы татулық пен сыйластық, ата-анаға құрмет пен қамқорлық, ата-әже, ата-ана тәрбиесі, саналы ұл-қыз тәрбиесі секілді түсініктерді қамтиды.

Қазақ қоғамындағы отбасы – ұлттық мәдениеттің негізгі тірегі болып табылады. Ол тек әлеуметтік институт қана емес, сонымен қатар тарихи жады мен рухани құндылықтардың тасымалдаушысы. Қазақ отбасындағы дәстүрлер мен қатынастар жүйесі ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келеді [1]. Қазақ қоғамында отбасы тек жеке адамдардың бірлестігі емес, тұтас әулеттің, рудың, тіпті ұлттың негізі ретінде қарастырылады. Сондықтан отбасы ішіндегі құндылық қатынастары қоғамдық қатынастармен тығыз байланыста дамиды. Қазіргі кезеңде жаһандану жағдайында ұлттық отбасылық құндылықтардың трансформациясы байқалады. Бұл жағдай қазақ отбасының дәстүрлі моделін ғылыми тұрғыда қайта қарастыру қажеттілігін туындатады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеуде отбасы құндылықтары және бұл құндылықтардың Қазақстанда да дамуына және қорғалуына байланысты

тақырып қарастырылады. Құндылықтар, кез келген қоғамның рухани өзегі ретінде саналатындықтан, дамуды көздейтін елдер құндылықтарды қорғауды басты мақсаттардың бірі ретінде ұстанады. Қоғамның өзегі ретінде және әлеуметтік институт ретінде отбасы және отбасылық құндылық тақырыбын зерттеуде саралау, сыни және жалпылау әдістері қолданылды. Зерттеудің теориялық негізін философия, мәдениеттану, әлеуметтану және психология саласындағы отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектері құрайды.

Отбасы шағын әлеуметтік институт ретінде

Қазақ даласының ұлы ойшылы Әл-Фараби: «Отбасы белгілі бір бөлшектерден құралады, солардың арқасында гүлденеді. Бұлар саны жағынан төртеу: ері мен әйелі; қожайыны мен қызметшісі; әке-шешесі мен баласы; мүлкі мен мүлік иесі. Кімде-кім бұл бөлшектер мен бірлестіктерді басқарса, ол адам үйдің билеушісі және әкімі болады. Оны қожайын деп атайды» деп, отбасының құрылымдық бөлшектерін сипаттайды [2; 160]. Сондай ақ, отбасыдағы тәрбие мәселесіне байланысты Әл-Фарабидің: «Адамға ең бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекке оның барлық өміріне апат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие» және М.Әуезовтің де: «Ел болам десең, бесігінді түзе» – деген сөздерінен тәрбиенің мән мағынасының тереңдігін байқаймыз [3].

С.П.Акутинаның пікірінше, отбасылық құндылықтар дегеніміз қоғамда мақұлданған бір идеал ретінде қызмет ететін және мінсіз отбасын құрудың мақсат ететін рухани және моральдық нұсқаулар [4, 52]. Құндылыққа негізделген тәсілдің негізгі ережелері туралы С. Ф. Анисимов, М. М. Бахтин, А. Г. Здравомыслов, А. В. Кирякова және т.б. еңбектерінде негіз болған. [5, 19]. Ғалым Х.А. Арғынбаевтың «Қазақстандағы отбасы және неке» атты докторлық диссертациясы қазақ отбасыларындағы әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері зерттелген [6].

Әлеуметтік институт ретінде отбасы - құндылықтар компоненттерінің өзара әрекеттесуінің өзегі ретінде әрекет ету арқылы отбасылық құндылықтарын қалыптастыруда негіз қалайды. В. Г. Белинскийдің, П. П.

Блонскийдің, М. И. Демковтың, П. Ф. Каптеревтің, В. А. Сухомлинскийдің және басқа да ғалымдардың еңбектері отбасылық тәрбиеге арналған. В.А. Сухомлинский антропологиялық тәсіл арқылы индивидтің жас кезеңінің құндылығына сәйкес жүргізілетін отбасылық тәрбиенің маңыздылығын атап өтеді [7].

Қазақстанның дәстүрлерін зерттеген ресейлік ғалымдар: Александр Бернштам, Лев Гумилев, Андрей Медоев, Елена Пушкарева, Евгений Кузубай, Татьяна Мочалова қазақтар мен басқа да түркі халықтарының этногенезін зерттеген еңбектері бар. К. А. Дүйсенбаев, К. Ж. Қожахметова, С. Нышонов, Н. Сәрсенбаев, Г. К. Шалабаева және басқа да ғалымдар дәстүрлердің қазақ халқының өміріндегі мәнін зерттеген. Бұл еңбектер отбасылық құндылықтардың дамуына бағытталған бағдарламаларды әзірлеуде пайдалы болатыны сөзсіз [7, 132 б.].

Отбасы дербес институт болғанымен қоғамдағы барлық өзгерістер отбасыға тікелей немесе жанама әсер ететіндігі Ю. И.Алешина, В. Н.Дружинин, С. В. Ковалев, А. С. Спиваковская, Э. Г. Эйдемиллер және басқа да ғалымдардың еңбектерінде баяндалады [8, 22].

Отбасының өмірлік циклі алты кезеңдерден тұрады: некеге дейінгі кезең, жаңа отбасы құру, кішкентай баласы бар отбасы, жеткіншек жастағы баласы бар отбасы, балалардың ересектік статусын алу кезеңі және балалардың отбасынан бөлек жаңа отбасы құруы, балалардың бөлініп шыққаннан кейінгі өмір кезеңі. Отбасының өмірлік циклінің әрбір кезеңінде отбасының басымдылық беретін сәйкес қызметі де болады [8, 26]. Қазақ қоғамындағы отбасының ерекшелігі сол жоғарыда аталып өткен отбасының әр циклінде жүзеге асырылатын дәстүрлер мен әдет ғұрыптар бар. Халықтың бұл дәстүрлері ғасырлар бойы жалғасын тауып, отбасыдағы құндылықтарды қалыптастыруда үлкен рөлі бар.

Отбасы құрамына байланысты: ерлі-зайыптылар және олардың балаларынан құралған нуклеарлы отбасы, ата-әже немесе басқа да жақын туысқандардан тұратын кеңейген нуклеарлы отбасы, авторитарлы типтегі ердің жеке билігімен ерекшеленетін дәстүрлі авторитарлы отбасы,

ерлі-зайыптылардың тең құқылығымен ерекшеленетін демократиялық отбасы секілді түрлері бар [8, 27]. Дәстүрлі қазақ отбасы моделіне ата-әже немесе басқа да жақын туысқандардан тұратын кеңейген нуклеарлы отбасы түрін жатқызамыз. Заман ағымымен қазақ қоғамында отбасының бұл түрі азайып нуклеарлы отбасы форматына ауысқанын байқаймыз. Бұл құбылыс қазақ қоғамындағы отбасы құндылықтарының да өзгеріске ұшырағанының бір көрінісі деуге болады.

Қазақ отбасындағы дәстүрлер мен құндылықтар

Қазақ отбасы – ұлттық мәдениеттің негізгі институты. Оның дәстүрлері мен құндылықтары тарихи тұрғыда қалыптасқан және қазіргі қоғамда да өзектілігін сақтауда. Қазақ отбасының моделі көшпелі өмір салты негізінде қалыптасқан. Мал шаруашылығына бейімделген тұрмыс отбасының құрылымы мен рөлдік жүйесіне әсер етті. Дәстүрлі қоғамда отбасы экономикалық және әлеуметтік бірлік ретінде қызмет атқарды [9].

Қазақ халқының маңызды әлеуметтік құндылықтарының бірі – отбасылық қарым-қатынастар. Қазақ халқының қоғамында алыстағы ағайындармен жиі араласу, туыстық байланысты сақтау әдеттегідей болып саналса, көптеген еуропалық мәдениеттерде мұндай байланыстар қолдау таппайды. Бұл дәстүр құндылық ретінде жағымды жағы, отбасылық қарым-қатынастың маңыздылығы қазақ халқының қоғамының саяси және әлеуметтік мәселелерге белсенді жауап беруіне мүмкіндік береді. Дәстүрлер – құндылықтардың нақты көрінісі мен жүзеге асу формасы ретінде қарастырылады. Ал құндылықтар өз кезегінде дәстүрлердің мазмұнын анықтайды және олардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ отбасындағы дәстүрлер мен құндылық қатынастары бір-бірімен өзара шарттасқан, біртұтас жүйе ретінде сипатталады.

Қазақ отбасындағы негізгі моральдық құндылықтар: үлкенді құрметтеу, ата-ананы сыйлау, кішіпейілділік секілді құндылықтар тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Қазақ отбасында рухани тәрбие маңызды орын алады. Имандылық, ар-намыс, адалдық сияқты

қасиеттер қазақтың дәстүрлі отбасындағы негізгі құндылықтар болып саналады [1]. Қазақ отбасында бала тәрбиесіне өте қатты мән берілген және баланың өмірге келгеннен бастап жүзеге асырылатын дәстүрлер: шілдеhana, бесікке салу, тұсау кесу рәсімдері баланың әлеуметтік ортаға бейімделуін қамтамасыз етеді. Үлкенге құрмет, салт-дәстүр мен мәдени әртүрлілік қазақ жастарының болмысының ажырамас бөлігі болып саналады. Бұл құндылық қоғамдағы келісімді сақтауға және тұлғааралық қарым-қатынасты нығайтуға көмектеседі. Қазақ жастарының қалыптасуында отбасы, қоғам, ел алдындағы жауапкершілік маңызды рөл атқарады.

Қазақ қоғамында туыстық қатынастар «жеті ата» қағидасына негізделген. Бұл қағида некелік қатынастарды реттеп, генетикалық тазалықты сақтауға бағытталған [1]. Қазақ қоғамында неке осы «жеті ата» қағидасына негізделіп құрылады. Қазақ халқының некеге байланысты дәстүрлері: құда түсу, қалың мал және беташар рәсімдері екі әулеттің арасындағы туыстық байланысты нығайтатын қызметі бар [10]. Қазақтардағы қалың мал дәстүрі экономикалық және әлеуметтік жауапкершілікті білдіретін болса, қазақ қоғамында ер адам – асыраушы, ал әйел – тәрбиеші және үй шаруасының ұйымдастырушысы ретінде отбасы мүшелері арасында міндеттер нақты бөлінген [9].

Қазақ отбасының құрылымын өзара тығыз байланыста әрекет ететін төрт негізгі элемент арқылы сипаттауға болады:

1. Дәстүрлік негіз – салт-дәстүрлер
2. Құндылықтық негіз – мораль және этика
3. Әлеуметтік негіз – рөлдер мен қатынастар
4. Құқықтық негіз – әдет-ғұрыптық нормалар [11].

Жаһандану жағдайында дәстүрлердің әлсіреуі нәтижесінде қазақ отбасы бірқатар өзгерістерге ұшырауда. Дегенмен, отбасы ұлттық құндылықтарды сақтауда және қоғамның мәдени тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

«Қазақстан жастары» зерттеуінің деректері бойынша респонденттердің құндылық қатарында бірінші орындарда отбасы (респонденттердің 83,3% жауаптарына сәйкес), денсаулық (64,2%), достық (40,7%), материалдық қамтамасыз етілген өмір (39,3%), махаббат (22,8%), қызықты жұмыс, мамандық

(19,6%) және білім алу (19,5%). Отбасы мен денсаулық құндылықтарының білімге үстемдігі жастардың өмір сүру құндылықтары деп аталатындығын көрсетеді [12].

Отбасының құндылықтар шкаласына ғана емес, сонымен қатар практикалық мінез-құлыққа әсері World Value Survey (2018) 7-ші толқынының зерттеу нәтижелерімен расталады. Қазақстандағы жастардың 92% үшін өмірдегі маңызды мақсаттардың бірі - ата-аналарға өздеріне деген мақтанш сезімін ояту болып табылады [13].

«Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі 2023 жылдың 1 сәуірі күні Әл-Фараби атындағы кітапханада «Ұлттық құндылықтар: саралау, жүйелеу, негіздеу» тақырыбында Ғылыми кеңес өткізген болатын. Ғылыми кеңесте «Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі әзірлеген Ұлттық құндылықтардың жүйесі талқылауға ұсынылды. «Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігі ұсынған құндылықтар жүйесі Адам, Отбасы, Отан, Тіл, Руханият, Білім, Еңбек, Табиғат деген сегіз құндылықтан тұрады және ішкі құраушылары мен мазмұны айқындалады [14].

Жаһандану процесінде қоғамдық институт ретінде отбасы құндылықтарының қалыптаспауы: жас ұрпақтың бұқаралық мәдениет құндылықтарына бағдарлануы, қатыгездікті насихаттау, еңбек тәрбиесінің ақсауы, отбасылық тәрбие дәстүрлері рөлінің төмендеуі және әлеуметтік жетімдік және т.б. мәселелерге алып келуі мүмкін. Абуталипова А.Б., Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес тәрбиелеу процесін ұйымдастыруға заманауи ұстанымдар [15, 122 б.].

Қазіргі заманғы отбасыларда соңғы жылдардағы өзгерістер төмендегідей:

- дәстүрлі (патриархалдық) көпдролық кеңейген отбасынан нуклеарлы отбасы түріне көшуі,
- бала туудың азаюы,
- ерлер мен әйелдердің өмір сүру ұзақтығы ерекшеліктерінің болуы,
- ажырасу санының артуы,
- ата-аналармен тәрбиеленіп жатқан балалар санының көбеюі,
- отбасындағы қатынастардың демократизациясы.

Отбасын мүшелері арасындағы коммуникацияның аздығы бір бірімен

түсініспеушілікке алып келеді және бұл жағдай отбасылық құндылықтардың дұрыс қалыптаспауына жол ашады. Орыс педагогы В. Соловейчик зерттеулерінде қазіргі заманғы ата-аналар бала тәрбиесіне тәулігіне тек 17-20 минут уақыт бөлетінін және бұл уақыт ата-ана мен баланың арасында түсіністік қалыптастыру үшін өте аз екендігі пікірін айтады [16, 31]

Елімізде отбасы құндылығының құлдырауға ұшырағанын отбасылардың ажырасуы көрсеткіші бойынша Қазақстанның 114 елдің ішінде 16 орында тұрғаны көрсетеді [17].

Бұл қазақ халқы мәдениетіне жат құбылыс. Отбасындағы берекесіздік, әсіресе балалардың психологиялық жай-күйіне, әлеуметтік хал-ахуалына зор залалын тигізеді. Сондықтан отбасы құндылығын қалпына келтіру үшін қазақ халқының асыл дәстүрлеріне сай қара шаңырақ, әулет абыройы, тектілік, ұрпақ үшін жауапкершілік, отбасындағы татулық пен сыйластық, ата-анаға құрмет пен қамқорлық, ұлағатты ұл тәрбиесі, инабатты қыз тәрбиесі ұғымдарын білім беру мен тәрбие бағдарламаларына енгізіп, айнымас өмір салтына айналдыру өте маңызды. Бұл бағытта қоғамдық ұйымдардың жақсы бастамалары бар, оларға мемлекет тарапынан қолдау керек.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Философия және саясаттану институты тарапынан жүргізілген сауалнамада қазақстандық жастар мен басқа жас топтары өкілдері арасында төмендегідей құндылықтар негізге алынды: Заңдылық, Қауіпсіздік, Отбасы, Жұмыс, Әділет, Байлық, Бостандық, Прогресс, Демократия, Кәсібилік, Теңдік, Абырой, Меншік, Толеранттылық, Бейбітшілік, Тұрақтылық, Үй, Келісім, Нарық, Мансап, Реформа, Ұжымшылдық, Интернационализм, Отан, Социализм, КСРО, Қазақстан, Егемендік, Халық, Тек, Ұлт, Патриотизм, Денсаулық, Амандық, Сенім, Индивидуализм [18, 85]. Сауалнама түрлі санаттағы азаматтарға жүргізіліген, мұнда жастар санатындағы сауалнаманың ұлттық құндылық мазмұнындағы сауалнама нәтижелеріне шолу жасалды. Сауалнама нәтижелері бойынша: отбасы, Отан, Қазақстан, егемендік, халық, тек, ұлт, патриотизм ұғымдарын құндылық ретінде басымдық берілгендігін көруге болады.

Қазіргі кезеңдегі әлеуметтік өзгерістердің әсерінен қазақ отбасындағы дәстүрлер

мен құндылық қатынастары белгілі бір трансформацияға ұшырауда. Урбанизация, цифрландыру, батыстық мәдениеттің ықпалы, гендерлік рөлдердің өзгеруі сияқты факторлар дәстүрлі отбасылық құрылымға жаңа талаптар мен өзгерістер енгізуде. Дегенмен, мақалада көрсетілгендей, қазақ отбасындағы негізгі құндылықтар өз маңызын жоғалтпай, жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделу арқылы сақталып келеді.

Қорытынды

Мақалада талданғандай, дәстүрлер мен құндылыққатынастарыөзаратығызбайланыста дамиды: дәстүрлер – құндылықтардың өмірдегі нақты көрінісі болса, құндылықтар – дәстүрлердің мазмұндық негізін айқындайды. Бұл байланыс қазақ отбасындағы қарым-қатынастардың үйлесімділігін қамтамасыз етіп, тұлғаның жан-жақты қалыптасуына ықпал етеді. Әсіресе, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқорлық көрсету, отбасылық жауапкершілік, ар-намыс пен имандылық сияқты құндылықтар ұлттық тәрбиенің негізгі өзегіне айналған. Сонымен қатар, қазіргі жаһандану және әлеуметтік трансформация жағдайында қазақ отбасындағы дәстүрлер мен құндылық қатынастары белгілі бір өзгерістерге ұшырағанымен, олардың іргелі мазмұны сақталып отырғаны анықталды. Заманауи үрдістер дәстүрлі құндылықтарды әлсіретпей, керісінше оларды жаңа жағдайға бейімдеуді талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық құндылықтарды сақтау мен жаңғырту – қоғам дамуының маңызды бағыты болып қала береді.

Отбасы индивидтің әлеуметтенуі жүзеге асатын ең алғашқы орта болып табылады. Отбасыдағы тәлім-тәрбие үлкенді құрметтеуге, отбасы мүшелері арасында бірлік пен ынтымақтастықты қалыптастыратын сипатымен ерекшеленеді. Әрбір отбасының отбасылық құндылықтарын, әлеуметтік-мәдени, ұлттық, этникалық дәстүрлерін және басқа да ерекшеліктерін бейнелейтін өзіндік айырмашылығы болады. Бұл тұрғыда мектеп пен ата-ана ынтымақтастығын нормативтік түрде нақтылап, оқу бағдарламаларына отбасы құндылықтарын енгізу, баланың аман-саулығы мен тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі

туралы арнайы Ата-аналар кодексі немесе Заң қабылдануы қажет деген пікірдеміз. Зерттеу қазақ отбасындағы дәстүрлер мен құндылық қатынастарының тұжырымдамалық негіздерін айқындап қана қоймай, олардың қазіргі қоғамдағы рөлін терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы ғылыми жұмыстарды жалғастыру ұлттық тәрбиені жетілдіруге, мәдени мұраны сақтауға және отбасылық институтты нығайтуға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, қазақ отбасындағы дәстүрлер мен құндылық қатынастары – ұлттың рухани-мәдени болмысының өзегін құрайтын күрделі әрі көпқырлы жүйе. Отбасы – тек әлеуметтік институт қана емес, ол тарихи тәжірибені, ұлттық дүниетанымды, моральдық-этикалық қағидаларды сақтап, оларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін негізгі орта болып табылады. Қазақ отбасында қалыптасқан дәстүрлер мен құндылықтар жүйесі қоғамның тұрақтылығы мен тұтастығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Жалпы алғанда, қазақ отбасы – ұлттық бірегейлікті сақтайтын, рухани сабақтастықты жалғастыратын және қоғамның тұрақты дамуына негіз болатын басты әлеуметтік құндылық. Сондықтан оның дәстүрлері мен құндылықтық жүйесін зерттеу, сақтау және дамыту – уақыт талабынан туындаған маңызды міндет болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы: Қайнар, 2005.
- 2 Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 160 б.
- 3 Төлеубекова Р.К. Ұлттық тәрбие және оның философиясы // Педагогика және психология. – 2009. – №1. – 131–134 бб.
- 4 Акутина С.П. Семейный уклад в воспитании духовно-нравственных ценностей школьников // Ярославский педагогический вестник. – 2009. – №2. – С. 51–54.
- 5 Гревцева Г.Я. Гражданское воспитание как фактор социализации школьников: автореф. дис. ... д-ра пед. наук. – Челябинск, 2006. – 44 с.
- 6 Арғынбаев Х.А. Семья и брак у казахов: автореф. дис. ... д-ра ист. наук. – Алма-Ата, 1975. – 130 с.
- 7 Гревцева Г.Я., Колбасина Л.В., Данченко Т.В., Жиенбаева А.В. Семейные ценности как фактор социализации подростка // Инновационное развитие профессионального образования. – 2024. – №1(41). – С. 129–137.
- 8 Каирова Б.К., Тойымбетова Д.С. Отбасылық өмір психологиясы: оқу құралы. – Қостанай: ҚМПИ, 2016. – 144 б.
- 9 Бердібаева Ә.Қ. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы отбасы қатынастарынан туындайтын келісім-

шарттар // Journal of Actual Problems of Jurisprudence. – 2016. – №5. – 209–213 бб.

10 Жайлыбай Д.Ж. XIX–XX ғғ. қазақ халқының неке және отбасылық дәстүрлеріндегі материалдық емес мәдени мұраның көріністері // Мәдени мұра. – 2023. – Т. 97. – №2. – 21–31 бб.

11 Бижанова А.Е., Даусова А.Ж. Қазақ отбасы дәстүрлерінің этникалық ерекшеліктері // Ғылыми зерттеулер журналы. – 2024. – 43–50 бб.

12 На первом месте в ценностном списке у молодежи в Казахстане оказалась семья, за ней следуют здоровье и дружба // [Электронды ресурс] URL: <https://informburo.kz/novosti/cennosti-vyzivaniya-molodye-kazaxstancy-cenyat-semyu-i-zdorove-bolse-сем-obrazovanie> (Қаралған күні: 09.06.2026).

13 World Values Survey Wave 7 (2017–2022) // [Электронды ресурс] URL: <https://www.worldvaluessurvey.org/WVSDocumentationWV7.jsp> (Қаралған күні: 09.06.2026).

14 Ұлттық құндылықтар жүйесі – мемлекеттік идеологияның өзегі // [Электронды ресурс] URL: <https://kazgazeta.kz/news/145982> (Қаралған күні: 09.06.2026).

15 Актуальные проблемы воспитания подрастающего поколения // Педагогическая наука и практика. – 2020. – №4(30). – С. 120–124.

16 Global Divorce Rates by Country: Trends, Rankings & Analysis (2025 Update) // [Электронды ресурс] URL: <https://nepaldivorce.com/blog/global-divorce-rate-trends-2014-2024-causes-rankings-analysis> (Қаралған күні: 09.06.2026).

17 Айдарбеков З.С. Казахстанская молодежь: ценности, приоритеты, стратегии самоопределения. – Алматы: Исламнур, 2008.

Transliteration

1 Argynbaev H. Qazaq otbasy [Kazakh Family]. – Алматы: Qainar, 2005. (in Kaz)

2 Zharyqbaev Q.B. Qazaq psihologiyasynyn tarihy [The History of Kazakh Psychology]. – Алматы: Qazaqstan, 1996. – 160 b. (in Kaz)

3 Toleubekova R.K. Ultyq tarbie zhane onyn filosofiyasy [National Education and Its Philosophy] // Pedagogika zhane psihologiya. – 2009. – N 1. – B. 131–134. (in Kaz)

4 Akutina S.P. Semeynyy ukld v vospitaniy duhovno-nravstvennyh cennostey shkol'nikov [Family Way of Life in the Education of Spiritual and Moral Values of Schoolchildren] // Yaroslavskiy pedagogicheskij vestnik. – 2009. – N 2. – S. 51–54. (in Russ)

5 Grevceva G.Ya. Grazhdanskoe vospitanie kak faktor socializacii shkol'nikov [Civic Education as a Factor in the Socialization of Schoolchildren]: avtoref. dis. ... d-ra ped. nauk. – Chelyabinsk, 2006. – 44 s. (in Russ)

6 Argynbaev H.A. Sem'ya i brak u kazahov [Family and Marriage among the Kazakhs]: avtoref. dis. ... d-ra ist. nauk. – Alma-Ata, 1975. – 130 s. (in Russ)

7 Grevceva G.Ya., Kolbasina L.V., Danchenko T.V., Zhienbaeva A.V. Semeynye cennosti kak faktor socializacii podrostopka [Family Values as a Factor in the Socialization of Adolescents] // Innovacionnoe razviti

professional'nogo obrazovaniya. – 2024. – N 1(41). – S. 129–137. (in Russ)

8 Kairova B.K., Toiyumbetova D.S. Otbasylyq omir psihologiyasy [Psychology of Family Life]: oqu quraly. – Qostanai: QMPI, 2016. – 144 b. (in Kaz)

9 Berdibaeva A.Q. Dasturlı qazaq qogamyndagy otbasy qatynastarynan tuyndajyn kelisim-sharttar [Contracts Arising from Family Relations in Traditional Kazakh Society] // Journal of Actual Problems of Jurisprudence. – 2016. – N 5. – B. 209–213. (in Kaz)

10 Zhailybai D.Zh. XIX–XX gg. qazaq halqynyn neke zhane otbasylyq dasturlerindegi materialdyq emes madeni murany korinisteri [Manifestations of Intangible Cultural Heritage in the Marriage and Family Traditions of the Kazakh People in the 19th–20th Centuries] // Madeni mura. – 2023. – Vol. 97, N 2. – B. 21–31. (in Kaz)

11 Bizhanova A.E., Dauesova A.Zh. Qazaq otbasy dasturlerinin etnikalyq erekshelikteri [Ethnic Characteristics of Kazakh Family Traditions] // Gylymi zertteuler zhurnaly. – 2024. – B. 43–50. (in Kaz)

12 Na pervom meste v cennostnom spiske u molodyozhi v Kazhastane okazalyn sem'ya, za nej sleduyut zdorov'e i druzhba [In the List of Values among Youth in Kazakhstan, Family Took First Place, Followed by Health and Friendship] // [Electronic source] URL: <https://informburo.kz/novosti/cennosti-vyzivaniya-molodye-kazaxstancy-cenyat-semyu-i-zdorove-bolse-сем-obrazovanie> (the date of referring: 09.06.2026). (in Russ)

13 World Values Survey Wave 7 (2017–2022) // [Electronic source] URL: <https://www.worldvaluessurvey.org/WVSDocumentationWV7.jsp> (the date of referring: 09.06.2026). (in Engl)

14 Ultyq qundylyqtar zhuyesi – memlekettik ideologiyany ozegi [The System of National Values as the Core of State Ideology] // [Electronic source] URL: <https://kazgazeta.kz/news/145982> (the date of referring: 09.06.2026). (in Kaz)

15 Aktual'nye problemy vospitaniya podrastayushchego pokoleniya [Current Problems of Educating the Younger Generation] // Pedagogicheskaya nauka i praktika. – 2020. – N 4(30). – S. 120–124. (in Russ)

16 Global Divorce Rates by Country: Trends, Rankings and Analysis (2025 Update) // [Electronic source] URL: <https://nepaldivorce.com/blog/global-divorce-rate-trends-2014-2024-causes-rankings-analysis> (the date of referring: 09.06.2026). (in Engl)

17 Aidarbekov Z.S. Kazhastanskaya molodezh': cennosti, priorityty, strategii samoopredeleniya [Kazakhstan Youth: Values, Priorities, Strategies of Self-Determination]. – Алматы: Islamnур, 2008. (in Russ)

Авторлардың үлесі: Тұрсынбаева С.Д. – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, Амиркулова Ж.А. – теориялық-әдіснамалық негізін айқындау. Бисембаева З.У. – тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау, Қауанова А.Б. – журнал талаптарына сәйкес мақаланы рәсімдеу және техникалық түзетулер.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

- Салтанат Жалғасбекқызы Тұрсынбаева* PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: saltanka80@mail.ru, ORCID ID: 0009-0008-3843-5444
- Жамиля Амангельдіқызы Әмірқұлова* қауымдастырылған профессор, философия ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: zhamyliya@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-4755-3732
- Зинакуль Убайдайқызы Бисембаева* қауымдастырылған профессор, философия ғылымдарының кандидаты, С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университеті, Алматы, Қазақстан, email: zinakulbissembayeva@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-9936-8708
- Аяулым Болатқызы Қауанова* PhD докторант, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан, email: 1kauanova@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-7288-1181
- Салтанат Джалғасбековна Турсунбаева* PhD докторант, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: saltanka80@mail.ru, ORCID ID: 0009-0008-3843-5444
- Жамиля Амангельдиевна Амиркулова* ассоциированный профессор, кандидат философских наук, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: zhamyliya@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-4755-3732
- Зинакуль Убайдаевна Бисембаева* ассоциированный профессор, кандидат философских наук, Казахский национальный медицинский университет им. С.Д.Асфендиярова, Алматы, Казахстан, email: zinakulbissembayeva@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-9936-8708
- Аяулым Болатқызы Кауанова* PhD докторант, Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан, email: 1kauanova@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-7288-1181
- Saltanat Tursunbayeva* PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: saltanka80@mail.ru, ORCID ID: 0009-0008-3843-5444
- Zhamilya Amirkulova* Associal Professor, Candidate of Philosophical Scieces, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: zhamyliya@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-4755-3732
- Zinakul Bisembayeva* Associate Professor, Candidate of Philosophical Scieces, Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendirov, Almaty, Kazakhstan, email: zinakulbissembayeva@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-9936-8708
- Ayaulym Kauanova* PhD student, Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Қазақстан, email: 1kauanova@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-7288-1181

